

**«8D2303-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Әбсаттар Әділ Маратұлының  
«Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзеттік сипаты: қазақстандық және шетелдік  
БАҚ мәтіндері негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ**

Р/н №	Өлшемшарттар	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.</p>	<p>«Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоэзеттік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p>
2.	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Тіл ғылымына қосқан үлесі:</p> <p>1) Тілдегі эмоционалды, экспрессивті, бағалауыштық мәндері бірліктердің жалпы тілтанымдық атауы – эмотив сөздер деп танылды ұсынады.</p> <p>2) «Тілдегі эмотивтілік – функционалды-семантикалық категория» деген тұжырым жасайды және тілде эмотивтілік басым болса, сол тілдің</p>
	<p>Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)</p> <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Болмады</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).</p> <p>2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген «Диффрандирү, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 670 Жарлығымен)</p>
	<p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы айтылған/айтылмаған.</p>	

	<p>өміршең екенін, яғни тілдің қолданымдық деңгейі жоғары екенін көрсететін өлшемшарт болуын ұсынады.</p> <p>3) Эмотив сөздерді ұлттық тілді айқындайтын негізгі критерийлердің бірі ретінде қабылдануын ұсынады. Себебі эмотивті-бағалауыш лексика барлық стильдегі, барлық институционалды дискурстағы сөйлеміміз бірлігі және ол әр ұлттың психологиялық, когнитивиялық қабылдауынан туындап, ұлттық таным, ұлттық аялық білім, ұлттық ақиқат бейне күйінде сақталады.</p> <p>4) Эмотив сөздер мен эмоционалды-экспрессивті жағдаяттағы тактикалар БАҚ тілінің негізгі атрибуты екенін және олар интенцияны, автордың діттеміні жеткізуде, тіпті манипуляциялық мақсатта қолданылатын стилистикалық фокус екенін дәлелдейді.</p> <p>5) Тілдегі экспрессивтілік пен эмотивтілік қызметтерінің айырмашылығын түсіндіреді. Экспрессивтілік – мәтіннің әсерін күшейтуші белгі. Ол фонетикалық, лексикалық, синтаксистік құралдар арқылы мәтінді прагматикалық, семантикалық, стилистикалық деңгейде түрлендіреді, әсерлендіреді. Ал эмотивтілік – мәтіндегі адамның көңіл күйін, сезімін, аффектісін білдіріп, адамның шыңдық болмысқа, зат-құбылысқа қатысын көрсетеді, сол арқылы басқаларға ықпал етеді. БАҚ мәтіндерінде экспрессивтілік пен эмотивтілікті анықтаудың тәсілдерін көрсетеді.</p> <p><b>Ғылыми жазналықтың маныздылығы ашылған:</b></p> <p>1) Эмотивтілік – тілтанымдық ұғым, эмоционалдылық – психологиялық ұғым екенін тілдік жүдедегі вербалды/бейвербалды эмоциялық мазмұнның көрінісімен, сол мазмұнның мәтін ішінде өзгеше ықпал ететін әсерлендіртіш күшімен дәлелденген. Эмоционалдылық – субъектіге тән, субъектіге қалай пайда болды, оның пайда болуына не әсер етті деген жай-күйді айқындайтын априорлық таным екенін түсіндіреді. Демек, басқа психологияның зерттеу нысаны тіл ғылымының объектісіне ұласып, тілдік құралға айналуын зерттеген.</p> <p>2) БАҚ тіліндегі экспрессивтілік пен эмотивтілікті күшейтетін құралдар – коннотативтер, аффективтер, аксиологиялар деп көрсеткен және оларды бір-бірінен ажырататын тегітері мен өлшемшарттарын айқындаған.</p> <p>3) БАҚ тіліндегі 2300 төл және кірме эмотив бірліктерге талдау жасалып, олардың эмоцияны әсерлі жеткізудегі тактикасы мен стратегиялары</p>
--	---

		<p>талданган. Нәтижесінде тілмізгеі кейбір төл сөздердің мағынасы кенейіп, соның ішінде эмоциявті мағынасы басым қолданысқа жеткенін, ал кірме эмоциявтердің сан түрлі мақсатта қолданылатын жиілігі жоғары актив сөздер қатарында екені көрсетілген.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципті</p> <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қабілеттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жағым. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алды. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерттеген, зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (10-ші беттегі 13 жарияланым).</p>
4.	<p>Ішкі бірлік принципті</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (6-бет). Буқаралық коммуникациядағы серпіндіс тілге ықпалын қалай типітетінін, тілдің есерленуі, тілдегі сөзойнатымының күшеюі, тілдегі аффектілік пен бейнесіліктің барлық стильде шамадан тыс көріне бастауы коммуникациядағы белгілі бір өзгерістің көрінісі екенін, бұл қазіргі қоғамдағы жана үдерістердің бірі екенін және оны зерттеу қажеттілігін жіті түсіндірген. Нәтижесінде тілдегі эмоциявтік пен аффективтілік, экспрессивтіліктің күрт артуы цифрлық коммуникацияның, әлеуметтік желі мен БАҚ-тағы еркіндік, демократиялық позицияның ықпалды екенін дәлелден көрсетеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (8-9 беттер).</p>
		<p>Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да тілдегі эмоциявті-бағалауыш лексиканың қызметі мен тактикасын, белгілі бір ұғымды, концептілік жүйені дәйектейтін, артументтейтін құрал ретінде жұмсалатынын зерттеген. Диссертацияның үш тарауында да негізгі зерттеу нысан – эмоциявті-бағалауыш лексика. Бірінші тарауда эмоцияв сөздерді антропооозектік аспектіде зерттеген, эмоцияв сөздердің прагматикалық, концептуалдық, аксиологиялық қызметін айқындаған. Екінші тарауда эмоцияв сөздердің БАҚ тіліндегі стратегиясы мен тактикасы, тақырыптапта эмоцияв сөздердің таңдалуының манипуляциялық қызметі зерттелген. Үшінші тарауда эмоцияв сөздерді жасаушы журналистер мен тілдік тұлғалардың стилистикалық дйіттемі зерттелген</p>

	және эмоция сөздердің мағынасы ашылған. Эмоцияты мағыналардың кеню, түрлену үрдістері қарастырылған.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыстың мақсаты – нақты, сол мақсатқа жету үшін көзделген міндеттер зерттеу жұмысының бағытына сай сапалы құрастырылған, яғни жөнінен күрделіне қарай реттелген. Алдымен құрылымдық тілғанымадағы зерттеулерге шолу, әлемдік лингвистикадағы зерттеулерге шолу, содан кейін барып, прагматикалық, когнитивтік, аксиологиялық аспектілерде зерттеуді міндеттеген. Диссертацияның әрбір тарауында дiттеген мақсатына жеткенi жайында түйiн көрсетiлген. 5 мiндеттiн барлығы орындалған.
1) сәйкес келеді;	
2) ішінара сәйкес келеді;	
3) сәйкес келмейді.	
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспелен, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұнынан хабар беретін анықтама ұсынылған. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.
1) толық байланысқан;	
2) ішінара байланысқан;	
3) байланыс жоқ.	
4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (категоралар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	<b>Біріншіден,</b> диссертант әлемдік лингвистикада эмоция лексиканы зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын жинақтап келе, оларды 4 бағыт бойынша топтастырады:
1) <b>сыни талдау бар;</b>	1. жүйелі-құрылымдық бағыт;
2) талдау ішінара жүргізілген;	2. функционалды-семантикалық бағыт;
3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	3. семантикалық-стилистикалық бағыт;
4) талдау жоқ.	4. семантикалық-прагматикалық бағыт.
	<b>Екіншіден,</b> жағымсыз (нейоративті) бағалау мәнінде танылып келген -сымақ жұрнағына қатысты А.Байтұрсынұлының пікірін (реңк жамбушы жұрнақ) негізге ала отырып, қазақ тілінде <b>-сымақ</b> жұрнағы арқашан кемсінуді, қомсыну мәнінде емес, кейде бейтарап мәнде жұмсалатынын атап көрсетеді. <b>Үшіншіден,</b> коннотация үнемі бейнесізліктің құралы емес, эмоциялықті танытушы құрал бола алатынын зерттеуші ғалымдардың пікірін талдау арқылы дәйектейді. Коннотацияның зерттеушілерді екі түрлі бағытта топтастырады: 1) коннотацияда прагматикалық мақсат бар деушілер; 2) коннотацияда прагматикалық мүлде жоқ деушілер.

		<p><b>Төртіншіден,</b> эмоция-экспрессия ті құралдар жағымды (мелиоративті) және жағымсыз (пейоративті) болып бөлінгенмен, бір ұғым әрі жағымды әрі жағымсыз мағынада қолданыла беретінін арументтейді. Мысалы: сұмдық – негізгі мағынасында пейоративті лексика (сұмдық жол аяғаты болды). Бірақ эмоция құрал ретінде прагматикалық дигтеммен мелиоратив лексика бола алады (мысалы: «сұмдық» күшті болды).</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа:</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p><b>Біріншіден,</b> қазақ тілінде эмоция-бағалауыш лексика құралымдық жүйеде зерттелгенмен, антропоөзектік аспектіде бірінші рет зерттеліп тұр. Сондықтан диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер жаңа.</p> <p><b>Екіншіден,</b> БАҚ тіліндегі эмоция-бағалауыш лексиканы жинау және талдау бірінші рет зерттелген. Сондықтан, диссертанттың эмоция мағыналы сөздердің қолданыс жиілігінің арту себептері мен сөйленіс сұранысында екенін түсіндіруі жаңа.</p> <p><b>Үшіншіден,</b> тілдік тұлғаның интенциясындағы жиі кездесетін сөздер эмоция сөздер екенін зерттеу және оның салдарын анықтау бірінші рет зерттелді. Сондықтан диссертант ұсынған нәтижелер жаңа.</p> <p><b>Төртіншіден,</b> тіліміздегі эмоция-бағалауыш құралдардың тактикасы мен стратегиясы алғаш рет зерттелді. Диссертант ұсынған тұжырымдар, яғни эмоция құралдар тек эмоционалды-экспрессия және бағалауыш лексикаға ғана емес, әсерлендіруші, күшейтуші, әсірелеуші прагматикалық формалар да (жұрнақ, шылау, т.б.) мәтін бойында эмоция-мағына үстей алатынын дәлелдейді.</p> <p>Зерттеуге алынған қорытындылар толығымен жаңа.</p> <p><b>Бірінші тарау бойынша қорытындылары:</b> қазақ тілінде жағымсыз эмоцияны білдіретін пейоративті лексиканың басым екенін, оның құралдарын көрсетуі жаңа. Мысалы: <i>асіресе, қалай да, әлі, әлі де, әлі де болса, әлі күнге, әлі күнге дейін, тура келеді, мәз емес, қисынсыз.</i> Мәтінде жағымсыз мағынаны үстемелеу үшін қолданылатынын қазіргі сөзқолыныспен дәлелдеп, оларды бейтарап емес, пейоратив құралдар қатарына жатқызуды ұсынуы жаңа.</p> <p>Қазақтың публицистикалық мәтін авторларының аксиологиялық стратегияларын:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Конвенционалды тұрақтылар стратегиясы</li> <li>2. Конвенционалды доминанттар стратегиясы</li> <li>3. Аксиологиялық доминанттарды бұзу стратегиясы деп жіктеуі жаңа.</li> </ol>

		<p>Жаналық жүргізуші (алдын ала дайындалған мәтін) мен репортаж жасаушының (дайындықсыз тікелей эфир) сөйленісіндегі эмоция лексиканың қолданысын салыстыра талдауы жана.</p> <p>Эмоция лексика қатарына аффективтер мен коннотациягерді жатқызуы. Аффективтерге оңайлар, боқтық сөз, қарапайым, тұрпайы сөздер жатады. Коннотациягерге эмоциялы-бағалаушылық сөздер, эмоциялы-субъективті бағалаулы білдіретін дериваттар, жаргон сөздер, эмоциялы боуы бар үстеулер, көнерген сөздер, поэтизмдер, т.б енетінін дәлелдеуі жана.</p> <p><b>Екінші тарау қорытындылары:</b> Кірме эмоция лексикаға талдау жасауы, яғни хайп – «арзан атаққа қол жеткізу», «бір мезеттік атақ», «даурықпа әнгіме» мағынасында тек жағымсыз мағынадағы эмоциялы-бағалаушылық лексика болады деп қорытынды жасауы жана.</p> <p>Мәтіннің эмоциялы-бағалаушылық қызметін күшейтуде журналистердің стратегиясы, яғни прецедентті, мифологиялық және этномәдени қолданылған ұғымдар мен паремологиялық бірліктерді мақсатты қолдану әдісі қалыптасқанын дәйектеуі жана.</p> <p><b>Үшінші тараудың қорытындылары:</b> БАҚ тіліндегі эмоциялы мән тудыруда бұрмаланған тұрақты тіркестерге талдау жасап, дұрысын көрсету тәсілі жана. Мысалы: «суға сіңген құмай жоғалып кетеді» қате қолданылған, себебі құм суға сіңбейді, су құмға сінеді деп талдауы. БАҚ тіліндегі эмоциялы мәнді эпитеттер, эмоциялы мәнді синонимдер, эмоциялы мәнді көріктеушітердің прагматикалық әлеуетін түсіндіруі жана.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жана және негізделген.</p> <p>Тіл ғылымында жасанды интеллектінің, LLM қорын қазақ тілінде жасақтау үшін әрбір сөздің сан түрлі мағыналық түрленімі мен ренкін эзірлеу қазіргі қоғамның сұранысы болып отыр. Осы тұрғыдан аталмыш жұмыстың нәтижелері мен талдаулары цифрлық коммуникацияны қазақша басқару тетіктерін эзірлеуге негізделеді. Эмоциялы лексика чат-боттар мен виртуалды ассистенттердің көмекші құралы бола алады, пайдаланушылардың эмоциялық жағдайына сәйкес жауаптар құрастыруға көмектеседі. Бұл технологиялар эмоцияны арттыруға бағытталды. Нейрондық желілер адамдардың эмоцияларын таныуға және</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жана:</u></p> <p>2) ішкінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).</p>	

		<p>болжауға қабілетті жүйелерді құру үшін қолданылады. Олар эмоцияны білдіретін лексиканы үйреніп, әртүрлі мәтіндерде оны табуды және оны санаттарға бөуді үйренеді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даирлық бағыттары үшін).</p>	<p>Эмотивті лексика адамдардың эмоционалды тәжірибесін тікелей білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар қарым-қатынас барысында эмоцияны тудырушы және манипуляциялаушы тілдік элемент болатыны психолингвистикалық зерттеулермен дәлелденген.</p> <p>Әлеуметтік медиа платформаларында, БАҚ тілінде адамдардың эмоциялық күйі олардың жазған мәтіндеріндегі лексикалық таңдау арқылы көрсетілетіні лингвопрагматикалық аспектіде зерттеіп, дәлелденген.</p> <p>Эмотивті лексика адресатқа белгілі бір эмоцияны тудыруға және отан әсер ету үшін бағытталатыны және бұл қарым-қатынастың тиімділігін арттыратыны мәдениаралық коммуникация аясында зерттеіп, дәлелденген.</p> <p>Эмотивті лексика жағымды/бейтарап/жағымсыз денгейге адамның көңіл күйінің өзгеруіне ықпал жасайтыны, сондай-ақ эмотивті лексиканың күдіреті адам санасына секундтар ішінде жылдам әсер ететіні лингвокогнитивтік аспектіде зерттеіп, дәлелденген. Дәлелдеу нысаны ретінде 2300 бірлік таңдалған. Дәлелдеу дереккөзі ретінде сонғы 10 жылдықта жарық көрген отандық және шетелдік БАҚ материалдары (20) пайдаланылған.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ</b>;</p>	<p><b>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденген.</b> Олар мыналар:</p> <p>1) Эмотивті лексика – лингвопрагматика, лингвокогнитология, аксиология салаларының тілдік бірлігі және зерттеу нысаны бола алады.</p> <p>2) Эмотивті-бағалауыш сөздерге кеніматалдық тән, олар ешқашан бір мағынамен шектеліп қалмайды, автор дйттеміне қарай мағыналық түрленімге бейім болады.</p> <p>3) Эмотивті-бағалауыш сөздердің прагматикалық мүддесі автордың стратегия мен тактикасы арқылы анықталады. Соған орай белгілі бір тактикаға қызмет ететін эмотивтер ажыратылады.</p> <p>4) Эмотивті-бағалауыш лексика құрамына аффектив, коннотатив, пейоратив, мелиоратив бірліктер жатқызылады. Олар мәтін құрамында әртүрлі қызмет атқарады. Аффектив – аңғу, реніш эмоциясын білдіруші, коннотатив – таңғалу, әсерлендіру, әсірлеу, бейнелеу қызметін атқарады,</p>

	<p>3) Бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) Бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>4) Бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) Бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>пейоратив – жамандау, жағымсыз етіп таныту қызметін атқарады, мелиоратив – мақтау, жағымды эмоцияны таныту қызметін атқарады.</p> <p><b>Диссертацияда көшірме, қайталау жоқ.</b> Диссертация тривиалды емес.</p> <p>Зерттеу жұмысында мотивті лексикаға қатысты бастама жұмыстарға шолу болғанымен, бұрын аталған теорияны қайталау кездеспейді. Орыс және ағылшын тіл біліміндегі зерттеу үлгілеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі мотивті лексиканы жана бағытта зерттеу үлгісі көрініс тапқан.</p> <p><b>Диссертацияда ұсынылған ережелердің қолданыс аясы кен болды.</b> Себебі қазақ тілінде мотивті лексика антропооэзектік бағытта бірінші рет зерттелген және тілдегі мотивтілікті категория ретінде дәйектен. Аффектив, коннотатив, мотив ұғымдары қазақ тіл білімінде кеңінен зерттеуге алынады деп сенеміз.</p> <p><b>Мақалада дәлелденген.</b> Диссертация мазмұнын насихаттайтын 13 мақала жарияланған. Барлық мақалада мотивті-бағалауыш лексиканың прагматикалық, стилистикалық, когнитивтік, аксиологиялық қызметтері талданған.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидағы.</p> <p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін тандау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған.</p> <p>Біріншіден, Мотивті лексикаға семантикалық талдау жасалған. Мотивті лексиканың семантикалық өрістерін анықтап, әртүрлі эмоцияларды білдіретін сөздердің қандай мағыналық ренктері бар екенін зерттеген. Екіншіден, контекстуалдық талдау жасалған. БАҚ тіліндегі журналист мақалаларындағы әсерлендіруші тіл бірліктерінің мотивті мағынасын талдаған. Мотивті лексика мен мотивті бірліктердің (прагматикалық формалар) мағынасы ашылған. Мотивті мағынаны ашу тәсілі көрсетілген.</p> <p>Үшіншіден, мотивті лексиканы психолингвистикалық әдістер арқылы зерттеген. Адамның белгілі бір сөздерге қалай реакция жасайтынын көрсеткен.</p>

		<p>Зерттеу жұмысында жалпы тылғымды әдістер – индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер: дескриптивті-аналитикалық, мәнмәлімдік талдау әдісі, компонентті талдау әдісі, дискурс талдау әдістері; дискурс талдаудың категориялары мен өлшемдері, дискурстық талдау бірліктері; салғастырмағы әдіс: салғастырмағы, салыстырмағы әдістер, салғастырмағы лингвомәдениеттану әдістері тымді пайдаланылған</p>
<p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>1) <u>ив:</u>  2) жоқ.</p>	<p>Эмотивті лексиканы зерттеу үшін қолданылатын дереккөздер ретінде тілдері эмотивтарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін жинаған. Эмотивті лексиканың дереккөздері түрлі мәтіндерден, ауызша сөйлеу тілінен және технологиялық платформалардан алынған. Мысалы: 2014-2024 жылдар аралығындағы отандық БАҚ материалдары: «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын», «Жас Алаш», «Түркістан», «Алматы ақшамы», т.с.с. республикалық басылымдардан қазактілі мәтіндерден; шетелдік БАҚ материалдары: «Иносми» (<a href="http://www.inosmi.ru">www.inosmi.ru</a>), «Взгляд» (<a href="http://vz.ru">http://vz.ru</a>), «Lenta.ru» (<a href="http://www.lenta.ru">www.lenta.ru</a>), «РИА Новости» (<a href="http://www.ria.ru">www.ria.ru</a>), «Логинавигатор» (<a href="http://www.roli navigator.net">www.roli navigator.net</a>), «Росбалт» (<a href="http://www.gosball.ru">www.gosball.ru</a>), «Аmerican press» (<a href="http://www.americanpress.com">www.americanpress.com</a>), «The Guardian» (<a href="http://www.theguardian.com">www.theguardian.com</a>), «BBC» (<a href="http://www.bbc.com">www.bbc.com</a>), «The Spectator» (<a href="http://www.spectator.co.uk">www.spectator.co.uk</a>), «Independent» (<a href="http://www.independent.co.uk">www.independent.co.uk</a>), «The Washington Post» (<a href="http://www.washingtonpost.com">www.washingtonpost.com</a>), «The New Yorker» (<a href="http://www.newyorker.com">www.newyorker.com</a>), «The Telegraph» (<a href="http://www.telegraph.co.uk">www.telegraph.co.uk</a>), «The Russian American Media» (<a href="http://www.RussianAmericanMedia.com">www.RussianAmericanMedia.com</a>) т.с.с. сайттардан алынған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ив:</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Диссертант CoreDRAW графикалық редакторын пайдалана отырып, қазақ, орыс және ағылшын эмотивтеріне тән ортақ белгілер және эмотивтілік мен эмотивділік айырмашылығын көрсететін сызбалар ұсынылған.</p>

<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дағдылау бағыттары үшін негізделер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. 78-80 беттегі 1-2-3 кестелер. 50-51 беттегі фотокөріністер арқылы қазіргі БАҚ тіліндегі эмоциялі лексиканың тыңдармандар мен оқырмандарға әсер ететін көрінісі визуалды дәлелденген.</p>
<p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 172. Қазақ тілі білімінде қазақ лексикасын жана бағытта зерттеген ғалымдарға А. Байтұрсынұлы, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, С. Исаев, О. Бүркітов, Н. Уәли, Э. Сүлейменова, М. Мұсағасва, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Сапқынбай, Б. Момынова, К. Есенова, З. Ерназарова жұмыстарына шолу жасаған. Эмоциялі лексиканы зерттеген шетелдік ғалымдар В.В. Виноградов, Е.М. Галкина-Фелдрук, В.Н. Телия, Е.М. Волф, И.А. Стернин, Л.М. Майданова, Л.С. Войтик, В.К. Гхарченко, Н.А. Лукьянова, В.И. Шаховский, Т.В. Матвеева, Н.Б. Даврентьева, В.И. Говердовский, В.Н. Грядин, Ш. Багли, И.В. Арнольд, Г.М. Петриш, т.б.); лексикографиялық (Н.А. Лукьянова, Ю.Д. Апресян, В.Н. Телия, Г.Н. Склирвская, Н.Б. Даврентьева, Т.А. Трипольская, О.А. Новоселова, Е.Ю. Булыгина, Л.Н. Храмова, Р.М. Харе, Ч. Стивенсон, Е.М. Волф, В.Н. Телия, Е.С. Азнаурова, Н.Д. Арутюнова, Л.А. Киселева, Т.А. Графова, Т.В. Маркелова зерттеулеріне сілтеме жасаған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, қазақ, орыс және ағылшын ғалымдарының тілдегі эмоциялық үдерісін зерттеуегі еңбектері, электрондық дереккөздерді қосқанда 172 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық күнделілік қағидағы</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы:</p> <p>1) <b>бад</b>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар лексикология, семасиология, дискурсология және медиалингвистика пәндерінен дәріс беруде қолданыла алады.</p>

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Эмотивті лексиканы зерттеу тілді коммуникация үшін маңызды. Эмоцияларды дұрыс жеткізу немесе түсіну адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді. Эмотивті лексиканы түсіну арқылы адамдардың бір-бірімен сөйлесу кезінде эмоцияларын қалай жеткізетінін және басқалардың эмоцияларын дұрыс түсінуін жақсартуға болады.</p> <p>Эмотивті лексиканы зерттеу тіл үйрету процесінде маңызды рөл атқарады. Шет тілін үйренушілер үшін эмоцияны білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс түсіну мен қолдану коммуникативтік құзыреттілікті арттырады. Тіл үйрету барысында оқушылардың эмоционалды мәні бар сөздер мен фразаарды дұрыс қолдануды үйренуі үшін оқу бағдарламаларын жақсартуға болады. Шет тілін оқып жатқан студенттерге эмоцияны білдіретін фразалар мен сөйлемдерді үйрету арқылы оларды тілдік қарым-қатынас жағдайларында неғұрлым шынайы қолдана алатынын білуге болады.</p> <p>Эмотивті лексика психологиялық диагностикада да маңызды рөл атқарады. Адамдардың эмоцияға қатысты қолданатын сөздері олардың психологиялық күйін, туғалық ерекшеліктерін немесе стресстік жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді. Стресс немесе депрессия жағдайындағы адамның сөздері негативті эмоциялардың қандай афеттілік мәңде екенін зерттеу үшін маңызды.</p> <p>Әлеуметтік медиа платформаларда эмоцияны білдіру адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау тәсілдерінде маңызды рөл атқарады. Эмотивті лексиканы түсіну және оны дұрыс қолдану виртуалды кеңістікте тиімді коммуникацияны қалыптастырады.</p> <p><b>Біріншіден</b>, әртүрлі мәдениеттердегі эмоцияны білдірудің өзіндік ерекшеліктері бар. Эмотивті лексиканы алдын ала тану басқа мәдениеттермен қарым-қатынас жасауда қателікке бой алдырмайды деген практикалық ұсынысы жана.</p> <p><b>Екіншіден</b>, эмотивті мән беру үшін көріктеуіш құралдар мен фразеологизмдерді бұрмайлап қолдану тіл құндылығына нұқсан келтірмей деген практикалық ұсынысы жана.</p> <p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейге орыдалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай</p>
10. Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p>	
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>;</p> <p>2) ішкінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	

	3) орташадан төмен; 4) төмен.	жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Ә.М. Әбсағатұрдың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жана, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Қазақ, орыс және ағылшын БАҚ тіліндегі эмоциялық салыстырмалы талдауы диссертанттың өз жұмысына деген тыңғылықты кәсіби біліктілігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияда орфографиялық қателер бар (13, 28, 56 беттер)
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант диссертациялық тақырыбын зерттеу барысында 1 наурыз базасындағы журналға 1 мақала, ҚЖБМ ҚЖБСҚҚ ұсынған рецензияланатын отандық журналда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда 9 мақала жарияланған. Бұл жарияланымдар диссертация қорғау талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертацияның 11-ші бетінде көрсетілген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) **Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

